

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«БІЛІМ БЕРУДІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ОРТАЛЫҒЫ»

КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЦЕНТР ОБРАЗОВАНИЯ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

«8» желтоқсан 20 22 жыл
Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

№ 200-н/к
город Актау

«Ұлттық құндылықтарды бала тәрбиесінде жаңа әдіс-тәсілдермен тиімді қолдану» тақырыбында облыстық жүрмелі семинар өткізу туралы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №583 бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022 жылдың 14 желтоқсан күні Түпқараған ауданында «Ұлттық құндылықтарды бала тәрбиесінде жаңа әдіс-тәсілдермен тиімді қолдану» тақырыбындағы облыстық жүрмелі семинары өткізілсін.

2. Бекітілсін:

1) Семинар бағдарламасы (1-қосымша);

2) Ұйымдастыру алқасының құрамы (2-қосымша);

3. Түпқараған аудандық білім бөлімі басшысына (А. Утесбаева):

1) Қатысушылардың жұмыстары 2022 жыл 8 желтоқсанға дейін umco.aktau@mail.ru эл. поштасына жіберілсін.

4. Облыстық білім берудің оқу-әдістемелік орталығының мектепке дейінгі және бастауыш білім беру бөліміне (Г. Қиянова):

1) Семинарды тиісті деңгейде ұйымдастырып, сапалы өткізу жауапкершілігі жүктелсін.

2) Семинарды ұйымдастыру және өткізу жұмыстары қадағалансын.

5. Бұйрықтың орындалысын бақылау директордың орынбасары Ж. Жұмабаеваға жүктелсін.

Директор

Ж. Умбетова

**Облыстық «Ұлттық құндылықтарды бала тәрбиесінде
жаңа әдіс-тәсілдермен тиімді қолдану»
тақырыбындағы облыстық жүрмелі семинардың
ұйымдастыру алқасының құрамы**

- | | |
|-------------------------------------|---|
| Жұмабаева
Жемісгүл Жеткізгеновна | - Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы
директорының орынбасары; |
| Қиянова
Гаухар Орынбасаровна | - Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының
мектепке дейінгі және бастауыш білім беру
бөлімінің әдіскері; |
| Ыбрай
Нұрзада Көмекқызы | - Маңғыстау облысы мектепке дейінгі педагогтер
қауымдастығы төрағасы; |
| Шырақбай Мәнет
Теңелбайқызы | - Түпқараған ауданы, «Бәйтерек» бөбекжайы
ЖБҚ МКҚҚ директоры; |
| Айкешова Гульзипаш
Бакитовна | - Түпқараған ауданы, «Айналайын» бөбекжайы
ЖБҚ МКҚҚ директоры; |

Маңғыстау облысы білім басқармасы

Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІНЕ АРНАЛҒАН
ОБЛЫСТЫҚ СЕМИНАР

ТАҚЫРЫБЫ:

**«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ
ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРМЕН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ»**

2022ж.

Өтетін орны:

1. С.Шапағатов ауылдық округі

«Айналайын» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

2.Ақшұқыр ауылы, «Бәйтерек» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

Өтетін күні, уақыты: 14.12.2022ж. басталуы сағат 09:00**Семинардың мақсаты:**

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтар негізінде толыққанды ұрпақ тәрбиелеу. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балалардың білімге деген қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әдіс-тәсілдерді игеріп, педагогтермен өзара тәжірибе алмасып, әдістемелік қолдау көрсету.

Қатысушылар саны: 50

Қауымдастық мүшелері, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері.

Уақыты	Іс-шара атауы	Жауапты
09.00-09.10	Алғы сөз	«Айналайын» бөбекжайы» директоры Айкешова Гульзипаш Бакитовна
09.15- 09.25	Семинардың ашылуы	Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы директоры Ж.Үмбетова
Практикалық бөлім		
09.30-10.00	Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет «Шебер қолдар» (ортаңғы тобы)	«Айналайын» бөбекжайы тәрбиешілері: Примбетова Венера Калилаевна, Утесинова Оразгул Джумагазыевна, Такабаева Гулзира Рахановна
10.05-10.35	Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет «Ұлттық ойын- халық мұрасы» (Ересек тобы)	«Айналайын» бөбекжайы тәрбиешілері: Аретбаева Гүлмур Максатбаевна Есболай Галия Өмірзаққызы Дене шынықтыру нұсқаушысы: Намазбаева Гульжан Даулетовна
	Ертегі желісінде «Ханталапай» ұлттық – интеллектуалдық ойыны (Ересек тобы)	«Жауқазын» бөбекжайы» дене шынықтыру нұсқаушысы: Дауенова Айнура Тойновна Тәрбиешісі: Бекмуратова Алмагуль
10.40-11.40	Кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекет «Ата- баба салтымен...» Мектепалды тобы	«Айналайын» бөбекжайы» тәрбиешілері: Сосыкбаева Салтанат Оразбаевна Жумажанова Злиха Туякбаевна Музыка жетекшісі: Избенова Айгуль Шауленкенова Хореограф: Кожасметова Меруерт Берікбайқызы Логопед: Атишбаева Роза Маутириевна
Теориялық бөлім		
11.45-12.00	Психологиялық тренинг «Жаным толған жақсылық»	«Айналайын» бөбекжайы» психологы: Колкабаева Калдигул Темиркановна
12.05-12.20	Әдістемелік жұмыс қорытындысы «Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық тәрбие берудің өзектілігі»	«Айналайын» бөбекжайы» әдіскері: Денбаева Нуртолқын Есибаевна
14.00-15.00	Сұрақ-жауап, қорытынды Өткізілетін орны: Сайын ауылы «Айналайын» бөбекжайы	Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы директоры Ж.Үмбетова

**Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы жоспарына сәйкес
«Ұлттық құндылықтарды бала тәрбиесінде жаңа әдіс-тәсілдермен тиімді
қолдану» тақырыбындағы облыстық жүрмелі семинардың
ХАТТАМАСЫ**

2022 жылғы 14 желтоқсан

Ақтау қаласы

Модератор: Қиянова Гаухар Орынбасарқызы
Қатысқандар: 43 адам (тіркелді)

КҮН ТӘРТІБІ:

Ұлттық құндылықтарды бала тәрбиесінде жаңа әдіс-тәсілдермен тиімді қолдану» тақырыбында тәжірибе алмасудың тиімді жақтары туралы.

ТЫНДАЛДЫ:

Қиянова гаухар Орынбасарқызы:

- Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес өткен «Ұлттық құндылықтарды бала тәрбиесінде жаңа әдіс-тәсілдермен тиімді қолдану» тақырыбындағы семинарға қош келдіңіздіе. Семинардың мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу, елінің тілі мен мәдениетін қадір тұтатын, батырларын, салт-дәстүрлерін білетін тұлғаны қалыптастыру, балалармен ұйымдастырылған іс-әрекет барысында ұлттық құндылықтарды дәріптейтін әдіс-тәсілдерді қолдану бойынша педагогтермен өзара тәжірибе алмасып, әдістемелік көмек көрсету. *(Сөйлейтін сөздер қоса беріледі)*

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің «Оқу-әдістемелік орталығы» директордың м.а. Оразатова Роза Мәлікқызы:

- Облыстық білім берудің оқу-әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес өткізілген семинар облыс аймақтарынан келген педагогтері үшін өте тиімді болды. Ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрлерімізді балабақшадан бастап бала бойына сіңіре отырып, біз болашақта өз халқын, өз ұлтын мақтан тұтатын ұрпақ тәрбиелейміз. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін семинарлар басқа аудан, қалаларда өткізіліп, тәжірибе алмасу керек деген ұсынысым бар.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Аудандық, қалалық мектепке дейінгі ұйым директорларына:

1. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтердің тәжірибесін тарату мақсатында аудан, қалаларда тәжірибе алмасу семинарларын ұйымдастыру;

2. Семинарға қатысқан әр қатысушы аудан, қала балабақшалары педагогтерімен кері байланыс жасау және әлеуметтік желілерде жариялау;

Білім берудің оқу-әдістемелік орталықтың мектепке дейінгі тәрбие бөлімі әдіскеріне (Г.Қиянова):

1. Оқу іс-әрекетінде белсенді әдіс-тәсілдерді қолдануға ықпал ету мақсатында жас мамандарға арналған семинарлар ұйымдастыру;


2. Өткізілген семинардың материалдарынан жинақ дайындау;

3. Тәжірибесін бөліскен педагогтердің жұмыстарын әлеуметтік желілерде насихаттау, орталық сайтында орналастыру.

Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы директорының орынбасарына (Ж.Жұмабаева):

1. Осы хаттамадағы тапсырманың орындалысы бақылауға алынсын.

Хатшы:



Г.Қиянова